

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ТҰРҒЫДАН КӨРІНІС ТАБУЫ

Сейтова С.Т. – журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті.

Қазіргі таңда тіл мен мәдениет, соның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстары ұлттық танымды, ұлттық бейнені ашуға негізделген. Дегенмен, этномәдениеттің дерегі ретінде қазақ мақал-мәтелдеріндегі халқымыздың байырғы немесе ертеден келе жатқан мәдениетін зерделеу әлі де жеткіліксіз.

«Қазақ мақал-мәтелдеріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің этномәдени тұрғыдан көрініс табуы» деп аталатын мақалада салт-дәстүрге байланысты, қонақжайлылық жөнінде, наным-сенім, туған-туыс, көрші тақырыбында мақал-мәтелдер теріліп талданды.

Мақал-мәтелдер қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, этномәдениетінен, салт-санасынан туындай келіп, ұлттық болмыстың барлық саласына қатысты ұлттық этномәдениеттің тілдегі бір көрінісі болып келеді. Осылардың бәрін мақал-мәтелдер фактілеріне талдау жасай отырып, белгілі бір жүйемен қарастыру тақырыптың негізін құрайды. Мақаланың өзектілігін арттыра түсетін тағы бір фактор – қазақ мақал-мәтелдерін этномәдени тұрғыдан қарастыру және мақал-мәтелдердегі қазақ этномәдениетін көрсететін бірліктерді талдап, мағынасын ашуға талпыныс жасалды. Мақаланың мақсаты – этномәдени мақал-мәтелдердің өзіндік бейнелі табиғатымен халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, өзіндік ерекшеліктерін мағыналық-тақырыптық топтары арқылы анықтап зерделеу.

Мақала филология мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға және көпшілік қауымға арналған.

Негізгі сөздер: мақал-мәтелдер, этнолингвистика, этномәдениет, салт-дәстүр.

ТРАДИЦИИ И ОБЫЧАИ В КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ С ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ

Сейтова С.Т. – преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента, Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова.

В настоящее время язык и культура, среди них множество исследованных работ в языкознании, связанных с обычаями и традициями, основываются на раскрытии национального понимания, национального образа. Тем не менее, в качестве этнокультурного факта, не достаточно исследование казахских пословиц и поговорок.

В статье под названием «Традиции и обычаи в казахских пословицах и поговорках с этнокультурной точки зрения» были проанализированы пословицы и поговорки о казахских обычаях и традициях, гостепреимстве, вере народа, братстве и добрососедстве.

Пословицы и поговорки вытекающие из каждодневного быта, этнокультуры казахского народа, являются в языке национальным этнокультурным явлением. Изучив приведенные примеры, автор попытался раскрыть их содержание и разделить по группам. Цель статьи – при помощи содержательно-тематической группировки выявить особенности казахских пословиц и поговорок, в которых отражены обычаи и традиции, культура, вера народа и гостепреимство. Значимая особенность статьи – анализ казахских пословиц и поговорок с этнокультурной точки зрения.

Статья адресована студентам и магистрантам специальности филология и общество.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, этнокультура, этнолингвистика, традиции и обычаи.

THE TRADITIONS AND CUSTOMS IN KAZAKH PROVERBS AND SAYINGS FROM THE ETHNOCULTURAL POINT OF VIEW

Seitova S.T – the lecturer, department of journalism and communication management, Kostanay state university of A. Baytursynov.

Nowadays (currently) language and culture, among them there are a lot of works studied in Linguistics relating to customs and traditions are based on disclosure of national understanding and the national image. nevertheless, as a consideration for the fact, it is not enough to study Kazakh proverbs and sayings.

In the article which called " The Traditions and customs in Kazakh proverbs and sayings from the ethnocultural point of view" there were analyzed proverbs and sayings of Kazakh customs and traditions, hospitality, faith, people, brotherhood and good-neighborliness. Proverbs and sayings stemming from everyday life, ethno-culture of Kazakh people are in the language of national ethnocultural phenomenon.

After studying(through) the examples the author tried to reveal their contents and divided them into groups. The main purpose of the article is to identify the features of Kazakh proverbs and sayings that reflect customs and traditions, culture, faith, people and hospitality by using content-thematic groups. A significant feature of the article is the analysis of the Kazakh proverbs and sayings from the ethnocultural point of view. The article is addressed to students and undergraduates majoring(specializing) philology and society.

Tags: proverbs, ethnic culture, ethnolinguistics, traditions and customs.

Әдебиеттанушылар мақал-мәтелдерді: «Халық даналығының айнасы, оның тіл байлығының алтын қазынасы», – деп сипаттап, «олардың көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі болып келеді» [1, 94]; «Келелі ой мен кең мазмұн, даналық қорытынды мен ақыл-өсиет, ащы мысқыл мен жарасымды әзіл – осының бәрін өз бойына жинаған және оларды әрі ықшам, әрі көркем түрде шебер түйіндеген сан алуан мақал-мәтелдерді орынды жерінде пайдалана білудің орасан зор маңызы бар» [1,304], – екендігін айта отырып, аталмыш тараушада қазақ мақал-мәтелдеріндегі салт-дәстүрлердің этномәдени тұрғыда көрініс табуын қарастырмақпыз. Бұған себеп, ел тарихымен бірге жасасып келе жатқан қысқа да нұсқа, ғибратты мақал-мәтелдеріміздің ауыз әдебиетінде ел тіршілігінен, мәдениетінен, салт-дәстүрлерінен туындауында.

Мақал-мәтелдер — сөз құрамының ел-халық өміріндегі әр түрлі кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Демек, ата-бабамыз өмір шындығын, кеңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты патриоттық сезімдерге, елін-жерін сүйуге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген.

Жер бетіндегі ең ырымшыл, салт-дәстүрін, әдет-ғұпын сақтай білетін халық – біздің қазақ халқы. Өзіне қонақжайлығы мен бата-тілек айту, туыс-туғандарын қадірлеу, алғыс білдіре алу жарасымды болып отырады. «Құрмет етсең, құрмет көрерсің», «Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет», көрсете білген де қарапайым қазағым.

«Жаста берген тәрбие, жас қайыңды игендей»- деген қазақ халқы бала тәрбиесіне ежелден бастап ерекше көңіл бөлген. Қазақтың дәстүрлі тәрбиелік үлгі-өнегелері ұрпақтан ұрпаққа ауысып келіп отыр. Жаста деген сөз жас кезінен, кішкене күнінен, қаршадайлығынан деген мағынада. [2.278].

Бүгінгі күні ұлт (халық, этнос) болмысы тілдік танымдық әрекетпен, кеңістікпен, мәдениетпен, өркениетпен сабақтастықта қарастырылады. Өйткені мәдениет пен дәстүрде халық даналығы жатыр. Даналықтың іздерін шешендік сөздер, дидактикалық толғаулар, мақал-мәтелдерден кездестіреміз. Соның бірі – жеті аталық дәстүр. Бұл дәстүр – ата-баба арасындағы өзіндік байланысты қамтамасыз етеді. Айналып келгенде бұлардың барлығы тектілікті қалыптастырады. Тектілік бар жерде даналық, менталдық тұтастық бар. Тексіз менталитет желмен ұшқан қаңбақ секілді. Сондықтан болар, қазақтың «Тегіңе тартсаң, тозбайсың» - дейтіні, Жеті атасын білмеген – жетесіз, Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі, Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер, Адамға екі нәрсе тірек – тегің, бірің – ділің жүректегі» дейді. «Адам» компоненті мақал-мәтелдердің ішкі құрылымы «адамгершілік, адами қасиет» категориясымен сабақтасып жатады да, адамның сыртқы және ішкі әлемін, яғни, мінез-құлық, жақсылы-жаманды қасиеттерін, ақыл-ой өресін тұтастай қамтуға бағытталады. Мысалы, Ақ көңіл адамға біреудің сырқаты да батады. Ақылды адамға екі дүниеде жол ашық.[3,304].

Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы сан алуан. Әрбір оқырман өзіне қажеттісін таба алады. Бүгінгі күні көбімізді толғандырып жүрген заман тақырыбы. Мысалы, «Заманына қарай адамы», «Заманы бірдің амалы бір», «Заманың қасқыр болса, түлкі боп шал», «Хан біреу болса, ел түзелер, хан екеу болса, ел бүлінер», «Елін сатып асаған, екі-ақ күн жасаған», «Бірлікті ел бұзылмас». «Қоғам» - тілдік әлем бейнесінде адам өмірі мен дүниетанымына ерекше әсер ететін қоғамдық құбылыс. «Қоғам» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдердің астарында қоғамдық өзгеріс, өмірге қалай бейімделу керек екендігі жатқандай, жаман жолға түспей, дұрыс жолмен жүру, адал өмір сүру қағидалары сөз болады. Бұдан мақал-мәтелдердің белгілі бір дәуірге тән ойлау-сөйлеу, жүріс-тұрыс қызметінің тәсілін рухани, мәдени және ұлттық құндылықтарын аңғаруға болады. Мысалы, сәлем беру (салт). «Алты жасар бала алыстан келсе, Алпыстағы қария алдынан шығар» демекші мұндағы қазағымның қарапайымдылығы суреттеліп отыр. Сәлемдесудің ережесі бойынша атты адам жаяу кісіге, жасы кіші үлкендерге бірінші болып сәлем береді деген ауыспалы мағынаны білдіреді. Алдынан шығу– түсіндірме сөздікте құрметтеп қарсы алу, сәлем беру деп түсіндіріледі [4.41].

Балаларға жақсы тәрбие, үлгі-өнеге беруде мақал-мәтелдердің атқаратын рөлі зор. Халық даналығы балаларды еңбексүйгіштікке, алды-артын аңдап сөйлейтін

сақтыққа, адамгершілік асыл қасиеттерге баулиды. Мәселен, «Аққа Құдай жақ», «Батырдың күші - айласында», «Асықпаған арбамен қоян алады», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «Жаздың бір күні жылға азық», «Жақсыда жаттық жоқ», «Жаман үйді қонағы билейді», «Жақсы жігітке жеті өнер де аз» сияқты мақалдардың тәрбиелік маңызы зор.

Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесідей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та калатын жәйт кездеседі.

Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше. Сондықтан қазақта әке туралы нақыл сөздер мен мақал - мәтелдер көп. Мысалы, «Әке - бәйтерек, бала - жапырақ», «Әкеге қарал ұл өсер», «Алты аға бірігіп-әке болмас, Жеті жеңге бірігіп – шеше болмас» т.с.с. Мысалы, «*Әке - балаға ұлы*» деген мәтелде әр баланың жаны да, тәні де әке екені мағынасы жағынан байқалып отыр. Әкеге қарап үлгі алады, ақылымен өй өсіреді, әкені әр уақытта бәрінен биік қойып құрметтейді делінген.

Ұлы деген сөз мынаны білдіреді:

1) орасан зор, үлкен, ірі;

2) асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы [5.858]. Қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейінгі күйшілік, әншілік, аңшылық ұсталық өнерлерді қуып еткен адамдар жиі кездеседі. Содан «Атадан бала тумас болар ма, ата жолын құмас болар ма», «Әке көрген - оқ жонар» деген нақыл сөздер пайда болды.

М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында, жазушы Құнанбайды асқан сүйіспеншілікпен жетер жеріне жеткізе суреттейді. Құнанбай Абайға әке ғана емес, заманның үлкен қайраткері әрі үлкен тұлғасы. Ал, Абай ойы, Абай даналығы, Абай тереңдігі - тазадан тазалыққа, биіктен биіктерге шақырар жанның жарық жұлдызына айналған. Мұндай эпопеяны халқын шын сүйген адам ғана жаза алады. Бұл эпопея болмаса қазақ өмірі, оның тіршілігі дәл осындай дүниеге танылмас еді.

Қазақ әрқашан да қызды жат жұрттық деп есептеген. Қыз бала өсіп, ер жетіп басқа отбасының ұйытқысы болады. Бұрынғы кезде қызды құда түсіп алса, қазіргі заманда өздері бір- бірін көңіл қосып, қосылып жатады. Жазушы Т.Әбдіков өз шығармаларында халықтық мақал-мәтелдер арқылы халықтың сана-сезімін, ұлттық дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін хабардар етеді. Мысалы, «Әке» повесінде: *“Дерт көп, денсаулық біреу”депті ғой бір халық. Не көп – аурудың түрі көп... Бірақ солардың ішінде бір оқиға есімде айрықша қалды[40,326].* “Әке” повесінде әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін көрсету үшін және бала ұғымын терең ашу мақатында контекстке байланысты мақал-мәтелдерді қолданған: *“Бала адамның бауыр еті; Жетім бала кекшіл; Балалы үйде ұрлық жатпас; Ата-ананың қадірін, Балалы болғанда білерсің; Ұл туғанда- Күн туған; Алты жасар бала атқа мінсе, Алпыстағы шал алдынан шығып атын ұстар.”*

“ -Алпыстағы шал алдынан шығып атын ұстар дегендей қалқам, сенің келгеніңді естіп, өзіңді көрейін деп арнайы келіп отырмын” [6, 106];

Қазақ халқы қыздың жасауына ерекше көңіл бөліп, *“Жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді”* деген. Тағы бір мысал *«Жасауы көп келіннің күйеуі жуас», «Тозбас жасау болмас, бас білмес асау болмас».*

Жасау сөзінің мағынасы төмендегідей:

Жасау– 1.Ұзатылған қызға берілетін мүлік, дүние.

2. Үй ішіндегі жиһаз, дүние. [5.27]

Жасау (дәстүр). Жасау — ұзатылатын қызға дайындалатын дүние-мүлік. Жасауды ұзатылатын қыздың ата-анасы дайындауға міндетті. Бұған жақын туыс-туғандар, ағайындар да өз үлесін қосуына болады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген. Небір жақсы бұйым, киім-кешек, әсем әшекейлі тағамдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың өншісі десе де болады. [7.11]. *Ә.Кекілбайұлының «Дала балладалары» шығармасында «Бүгін кешке қызының жасауын тағы бір көріп шықпақ. Оны үстіне үй тігіп, бөлек көш қылып жөнелтпек»-деп қазақ дәстүрінде қыз баланың жасауының орны ерекше екендігін аңғартады [8.22].* Бұрын жасауға сәукеле, кілем, текемет, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім-кешек, әшекейлі бұйымдар, сауын мал, салт ат, т.б. берген. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Өлтірі Қазақтар құдалық бекіп, құйрық-бауыр жесіп, құдай деп құда болған соң, жігіт жақтан қыз үйіне Өлтірі қоржын барады. Қоржынмен бірге екі бас мал апарды, қоржынға толтыра киіт салады, ақтық салады. Онысы «өлі-тірі» деген ұғымыды береді. Екі малдың бірі өлі, аруақтарға арналғаны да, бірі тірі жүрген құдаларына сый-сыбаға. Оны қазақ кәдесінде «өлтірі» деп атайды. Ата қазақ *«Өлі риза болмай, тірі байымайды»* бала алғалы жатырмыз, алдымен аруақ разы болсын дегені. Өлтірі келген соң, қыз жақ туыстарын, көршілерін шақырып келген малды сойып, аруақтарға арнап Құран оқытып, шағын той жасап, құда болғандарын, қыз ұзатқалы жатқандарын дүйім елге пәш етеді, жариялайды.

Киіт– құдалар арасында жасалатын дәстүрлі кәденің бірі. Қазақ халқы арасында "құдалық белгісі *куім*, қоныс белгісі – *бейім*" деген мақал бар. Яғни «*Kuim* – құдалардан сыйлыққа, сый-сияпатына киім-кешек алу»[2.396].

Киіт – бас Киіт, аяқ Киіт болып бөлінеді. Құдаларды бастап барған үлкен адамға бас Киіт беріледі де, қалған құдаларға екінші дәрежедегі (аяқ) Киіт беріледі. Киіт келген құданың беделіне, алатын орнына қарай бөлінеді. Мысалы, бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, кілем, т.б. қымбат бұйымдар, киімдер мен заттар, жүздеген мал (жылқы, түйе, қой) берілген. Киіттің ең төменгі түрі кездемелермен бітеді. Қазақстанның кейбір аймақтарында құда түспей-ақ тойы болғанда, сол үй ішіндегі адамдарға жеке-жеке арнап апарылған киімді де Киіт деп атайды. Қазіргі кезде "қалың мал" төленбесе де, оның Киіт кигізу сияқты дәстүрлері, басқа да жоралғылары жасала береді.

«*Келіншектің бетін кім бұрын ашса, сол ыстық*» бұл мақалдан қазақ халқының бет ашар салтын көреміз. Жаңа түскен келінді беташар дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі беташар жасалады. Оған тойға жиналған туған-туыс бәрі қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдіретсе, көңілді жыр төгуі керек.

Беташар– жас келінге жаңа туыстардың алыс-жақындығын таныстырып, ізгі тілектер айту дәстүрі[9.129].

«*Батыр жігіт жол бастар, Әнші жігіт той бастар*» деген мақалда қазақ халқының той бастар салты жайлы айтылып, оқырманға құраушы элемент арқылы тойбастар салтынан аз да болса көрініс береді. Тойбастар салты көбіне үйлену тойларында, келін түсіргенде жасалатын салт. Той бастар салтына қазақ халқының салт-дәстүрлері кітабында мынадай анықтама беріледі: «Той бастауды дастарқан басында отырған қадірлі қонақтарға тапсырады. Ондай кезде тойды әнмен немесе жақсы тілектерін әндетіп айтып береді, бастап бергендері үшін сыйлық ұсынылады. Той бастайтындар құрметті қонақтар, құдағилар мен құдашалар, той иелерінің басқа да құдағилары. Тойды жасы үлкен кісілер де бастап береді. «Ұлың өссе күндей болсын, деп тіле, қызың өссе гүлдей болсын деп тіле», «Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің» деген халықтың даналық сөздері той бастауға шабыт береді. «Өзен көлге қосылса, теңіз болады, ал елге қосылса, егіз болады» деген сөз екі елдің мың жылдық құда-жекекат болғандығын көрсетеді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы мақал-мәтелдер

1. Орамал тонға жарамаса да жолға жарайды.
2. Ас көп болса кәде көп
3. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем.
4. Ел-елдің заңы басқа, Иті қара қасқа.
5. Сақтағанын жесе, Сағынғаны келер.
11. Шақырған жерден қалма, Шақырмаған жерге барма.
12. Тойған үйге тоғыз бар.
13. Асаған білмес, Тураған білер.
14. Ас иесінің әлі біледі, Асатушының қолы біледі,
15. Алты жасар бала алыстан келсе, Алпыс жасар көрі алдынан шығар.
6. Ескерген ескі асынан сақтайды.
7. Берген қолым алаған.
8. Сұрап бергенше соғып бер.
9. Ет жемесе де сорпа ішкендей болды.
10. Келіншектің бетін кім бұрын ашса, сол ыстық.
16. Барымен базар, жоқты қайдан қазар.
17. Құр қасық ауыз жыртар.
18. Күн жазға айналды, Ет азға айналды.
19. Құс жаманы шажа, Дос жаманы бажа.
20. Келіншектің бетін кім бұрын ашса, сол ыстық. [10. 87]

Сонымен қатар қазақтарға дәстүрлі қонақжайлылық қасиет ежелден тән. Олардың бұл қасиеті көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Бұл жөнінде XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн былай деп жазған болатын: «*Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет*».

Қонақжайлылығымен тәнті еткен қазақ халқы осы қонаққа қатысты, қонақты күтудің сауабына қатысты көптеген ырым, наным-сенімдерді ұстанғанын төменде берілген ырымдардан байқауға болады:

- қонақ болып барған үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі, «қызда қырық көліктік бақыт бар». Төрде отырса ол бақыттың жұғыны қыз отырған төрде қалады. «Қызда қырық қырсық та бар, қызда қырық сайтан да бар». Босағада отырса, сол қырсық сол үйде қалады. «Қызда оттай ыстық мейір бар». Төрде отырса, сол мейір сол үйге бағышталады. «Қызда мұздай суық ызғар да бар». Есік жақта

отырса, сол ызғар сол үйді шалады. «Қызда қырық періште бар». «Төрде отырса, сол періштелер сол үйге қонады, есік жақта отырса, сайтандар сол үйде қалады»;

- жолаушылап келе жатқан адам бір үйге сусын ішуге түспек болса, сол үйдің есігіне тура беттеп келіп аттан түспейді. Оң жағынан түседі, әрі үйді айналмайды. Себебі, жау үйінің жай-күйіне қарамайды, өлімнің суық хабарын естірткелі келген адам да күй таңдамай үйге кіреді. Сондықтан, жолаушының жүрісі жаман ырымға ұқсамасын дегені. Дос, туыстар оң жол, оң тілеумен оң жақтан келіп, оң аяқпен үйге кіреді;

-қыдырып, қонаққа келген жас баланы үйден құр қол шығармайды. Өйткені, сәбидің меселі қайтпасын, көңілі қалмасын, жүрегі суымасын, келер бақытының беті қайтпасын, үйде оттай ыстық ықыласы қалсын деп ырымдаған. Егер, сәби суық рай көріп, кейіген кейіппен шығып кетсе, бұл шаңырақтан бақ, төрден бақыт, дәннен ырыс кетеді деп ырымдалады;

-үйде отырған қонақты саусақпен санамайды. Оның ішінде ақ сақалды қариялардың да отыруы мүмкін. Малды, қолға түскен тұтқынды ғана саусақты шошайтып санайды;

-үлкен тойда, аста немесе салтанатты мереке-мейрамда сыйлы қонаққа көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, дөнен өгіз сойылады. Сонда барлық тілек қабыл болып, зор бақыт қонады деп сеніп, ырымдалады;

-қазақ үйіне қонған қонақты ырымдайды. Қонақ қонған түні мал төлдесе, құйрық асып, қонақты сыйлайды. Әрі киіт кигізіп, «Ақ жолтай қонақ» деп шығарып салады;

-дастархан оң бетімен жайылады. Дастархан қос қабатталған болса, қонақ келгенде оның тұйық жағын қонаққа қаратып, оң бетін келтіріп жаяды. Мұны «дастархан оң болмай, ісінде жол болмайды» деп ырымдайды. Дастархан – береке-бірліктің, тірліктің бейнесі ретінде қастерленеді;

-қонақ келгенде есікті үй иесінің өзі ашады. Ал қонақ шығарда есікті үй иесі ашпайды, қонақтың өзі ашып шығады. Қонақ үйге келгенде құт бірге кіреді деп жориды. Қонақ кетерде үй иесі есік ашып берсе, құт та әлгі кісімен ілесіп кетеді деп ырымдалады;

-қонақтың пышағы немесе бәкісі дастарханмен бірге жиналып кетсе, қайтарып берілмейді. Қонақ ет турағанда пышағын өзі сүртіп қынына салып алуы керек. Егер дастарханмен бірге жиналып кетсе, қонақ үндемейді, пышағын сұрамайды. Сұраса **«Қырық пышақ боп өштеседі»** деп жориды.

Қырық пышақ боп деген сөз тіркесі көп болып, халық, бұқара болып дегенді білдіріп отыр, ал **өштесу** – дұшпан болып қастасу, жауласу. [11.663]

-ұзақ жолдың азабын тартып келген жолаушыны жаңа босанған әйелдің үстіне кіргізбейді. Ол өте жақын туыс болса ғана біраз демалғаннан кейін беті-қолын жуып, сыртқы киімдерін шешіп, жеңілденгеннен соң барып кіруге тиіс. Өйткені, жол азабын тартқан адамның түсі сұсты, қабағы қатыңқы болады. Өмір есігін жаңа ашып, көзі мөлдіреп жатқан сәби мен сүйек-сүйегі босап, әлсіреп жатқан ана шошып қалмасын, секемденбесін, сырттан кірген қонаққа ілесіп келіп, жын жабыспасын деп ырымдаған;

-қазақта кетік, жырық ыдыспен қонаққа ас бермейді. Себебі, ыдыстың кетігінен сайтан қосарлана ас ішеді, қонақ қорланады, қонақтың жебеуші иесі шамданып, кәрін төгеді деп ырымдайды.

Ал осы тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерге келетін болсақ, «Қонағын сыйласа төрге шық дейді» деген мақалда қазақтың қонақжайлылығымен қатар, төрге шығару салтын көреміз. Келген қонақты я болмаса кісіні төрге шығару тек қазақ халқына ғана тән қасиет. Төр сөзінің мағынасы төмендегідей:

Төр – үй ішіндегі ең құрметті орын, үйдің босағаға қарама-қарсы жоғарғы жағы. [9.817].

Төр – мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл үйдің жоғары әрі қымбатты орны деп саналады. Жас келіндер бұл жерді баса бермейді. [9.41]

«Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал» деген мақалда қонақта болған үлкендер үй иесіне ризашылықтарын білдіріп, батасын беріп, рахметтерін айтқан. Үй иесі де келгендеріне риза болып, «Тойда кездесейік» деп, жақсы лебіздерін білдіріп, шығарып салады. Алғыс ұғымында ризашылық белгісі сақталған, ол туралы қазақ паремасында «Алтын алма, алғыс ал!» деп келетін мақал бар. Себебі, қазақ ұғымында алғыс алған адамды Тәңір жарылқап, оның құты көбейеді, ырысы артады деп сенген. Алғыстың мазмұны көбіне тілек түріндегі білдіріледі: **Алла риза болсын! Көп жаса! Өмір жасың ұзақ болсын! Бақытты бол, Тең құрбыңның алды бол! және т.б. Алғыс** – ізгі ықылас, жақсы ниет. [9.40].

«Қонақ келсе өтпісер, ет піспесе бет пісер» бұл мақалдан тағы да қазақ халқының қонағын құдайындай сыйлап, төріне шығарып, ұлттық тағам ет тағамын пісіріп құрметтейтінін көреміз. Халқымыздың құрметті кісілерге ұсынатын кәделі әрі орны бөлек тағамдарының ең бастысы – қазақша ет. Қазақтар сыйлы қонақтарға мал басын көрсетеді. Соның ішінде аса құрметті, ардақты ел сыйлайтын қонақтарға тай немесе құлын сояды. Егер қонақ көп адам болса, ірі жылқы, сойылады. Сөйтіп қонақтарға табақ-табақ ет тартылады.

Ет – тамаққа жарату үшін сойылған малдың тұтас етінің бөлшектері. [9.239].

Қазақтың өзге халықтардан ерекшеленетін қонақ, қонақжайлылық қасиеті жөнінде терілген мақал-мәтелдер төмендегідей:

1. Қонақ қойдан жуас.
Май берсең де жей береді.
2. Тойдан табықпай.
3. Қонақасы – тәңір ақысы.
4. Қонақ аз отырып, көп сынайды.
5. Қонағым жүре тоярсың.
6. Қонақты сөзбен тойдыра алмайсың.
7. Асыңа тойғызбасаң да ақ ниетіңе тойғыз.
8. Құтты қонаққа - тәтті тамақ.
9. Атың барда жер таны,
Асың барда ел таны.
10. Қонағын сыйласа төрге шық дейді.
11. Жолаушының азығы жолында.
12. Жаяу қонақ тыныш ұйықтар.
13. Алдына ас қойдым, екі қолын бос қойдым.
14. Қонағым өз үйінді де ойлай отыр.
15. Бұрынғы қонақ соңғы қонаққа орын берер.
16. Сыйлы қонақ босағада отырмайды.
17. Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес.
18. Шақырмаған қонаққа шайдан артық тамақ жоқ.
19. Тоқ қонақты сыйлау оңай.
20. Екі үйдің қонағы
Емексіп жүріп аш қалар.[10.5]

Сенім — адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Қажеттіліктерін орындау барысында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу — әдептілік (сыпайыгершілік, ізеттілік, тәртіптілік).[11.82]

Бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесі. Адам алдына мақсат қойып, оның нәтижелі орындалуына сенім білдіріп, іс-әрекетке кіріскен кезде ғана, ол жоғарғы нәтижелерге жете алады. Сенім — адамның ақыл-ойын, күшін, еркін, қабілетін жоғарылататын жағымды сезім. Сенім — адамның жігерін арттырып, болашаққа құлшындыратын құбылыс (тағдырға сену, болашаққа сену, еңбекке сену, жақын адамдарға сену, дінге сену, т.б.). «Жалғыздың жары құдай» демекші сенім үміттен басталады. Сенім адамның алдына қойған мақсатының айқын болуы, дүниетанымының өмірмен байланыстылығы берік сенімнен туады. Бұл адамның нақты іс-әрекеті мен тәжірибесіне байланысты.

Жалғыздың жары сөзіне мынадай түсініктеме берілген:

- 1) Ауысп. Сүйеніш, таяныш, дос;
- 2) серік.[5.270]

Тәңірге, Жер, Суға табынудың пайда болуын адамда әуел бастан қалыптасқан ризашылық сезімдерімен байланыстыруға болады. Бұл құдайлар қарапайым тіршілік иелеріне қамқорлықпен қараған, ауыр кезеңдерде адамдарға азық-түлік сыйлаған мейірбандықтарына алғысын білдірудегі ниетінен туған еді деп есептейміз. Осындай өмірдің нақты шындығына көз жеткізу адамдарға жәрдемдесетін жоғары әлем бар деген түсінікті туғызуы да заңды еді. Ежелгі түрік әулеті өздерінің ұғымдарындағы ең биік шынды Хан-Тәңірі деп атауы да кездейсоқтық болмас. Болмыстың мәнін және оның рухтық көрінісін Аспанға саю қазақ халқында көпке дейін сақталып келді. «Аюға намаз үйреткен-таяқ, молдаға намаз үйреткен - тамақ», «Алла деген пенделер еш нәрсеге зар болмайды» немесе «Кірсіз ай, мінсіз бір Құдай».

Ата-бабамыздан келе жатқан мақал-мәтелдің бірі «Жазмыштан озмыш жоқ». «Жазмыш» сөзінің мағынасы - тағдыр дегенді білдіреді. Озмыш - мағына жағынан тағдырдың дегеніне көнесің, бұйрығына бас иесің дегенді білдіріп отыр[11.246].

Пенде болғандықтан барлығымыз Тәңіріміздің жазғанын көреміз де көнеміз. Егер басымызға жазылып тұрса, одан әрі қашып-құтылып ала алмайсың. Енді бұл мақалды екінші жағынан көрелік. Басымызға түскен іс, қалай айналдырып әкелсең де, ол өзін ретін өз уақытыда келгенде табады. Бұл өмірде әр нәрсе, құбылыс болсын, оқиға болатын болса, ол міндетті түрде жазмыш болғандықтан болатыны анық. Ал «үміттің отын сөндірме»деп те айтып жатады. Бұл мағына жағынан әр қилы. Әр адам қолыннан келетінін жасап, өмірін жақсартуға құқығы бар.

Наным-сенімге байланысты айтылған мақал-мәтелдер төмендегідей:

1. Қонақ келсе есіктен,
Пәлекет қашар тесіктен.
2. Қыдырған алмас,
Бұйырған алар.
3. Мың күнгі жұмақтан,
Бір күнгі тірлік артық.
4. Жазмыштан озмыш жоқ.
5. Құдай бір айналдырғанды шыр
айналдырады.
6. Басы аман, малы түгелдің,
Құдайменен ісі жоқ.
7. Өлетін бала молаға қарай жүгіреді.
8. Өлі разы болмай, тірі байымайды.
9. Аллаға жағамын десең,
Азаның болсын.
Моллаға жағамын десең,
- Қазаның болсын.
10. Аллаға сенген құстай ұшады,
Адамға сенген мұрттай ұшады.
11. Арыстан бабқа түне,
Қожа Ахметтен тіле.
12. Хаққа зауал жоқ.
13. Садақаны сауыңда бер.
14. Адамның басы – Алланың добы.
15. Асыққан – шайтанның ісі.
16. Алтын көрсе - періште жолдан таяды.
17. Жалғыздық құдайға ғана жарасқан.
18. Жаратқанның назары –
Не жақсыға түседі,
Не жалғызға түседі.
19. Сұрай-сұрай Меккеге де барады.
20. Тілі басқаның - діні басқа. [10.251]

Ағайын-туыс - бір ауыл, қауым болып, шаруашылық қарекеттерін бірлесе жүргізетін, бір-біріне қолдау жасайтын, қандастық жағынан жақын туыс, аталас адамдар немесе солардан өрбіген ұрпақтар. Мұны «Сыйласқанға жат жақсы, жылысқанға ағайын артық» деген парема да айғақтайды. Қазақта екі туыстық байланыс бар: бірі «бірге күліп, бірге жыласатын» тіршіліктегі қуаныш пен қайғыны бірге көтерісетін әке жағынан туыстық, екіншісі материалдық қарым-қатынаспен байланысқан құдалар мен тамырлар деп бөледі.

А.М. Балаубаева-Гольховская еңбегінде: «Ата туыстар қиын сәтте бір-біріне қол ұшын береді, сондай-ақ, жиын-тойларды, торқалы той, топырақты өлімді өткізуді бірге ұйымдастырады, ауыртпалығын бірге көтеріседі» делінген [7.10].

Ағайын бір өліде, бір тіріде деген қағида осыны меңзейді. Әсіресе, адамның тіршілік циклына қатысты ғұрыптар мен салттардың атқарылуында бірлік пен ынтымақтастықтың орны ерекше. «Туысы бірдің уысы бір», «Бөлінгенді бөрі жейді» деп, арадағы ұсақ-түйек дау-шар, өкпе-назды елемеуді ескертеді. Бөрі деген сөз қасқырдың қосымша аты, яғни бұл жағдайда бөрі деген сөзі тура мағынада қолданып отырғанмен, мақал толық ауыспалы мағынада берілген. Қандастық жақындықты сезінуде ел бірлігін, қоғам тұтастығын сақтауда ағайын-туыстық ұғымының орны айрықша болған. Ағайын-туыстар жетіатаға дейін туыстықты үзбейді және қыз алыспайды. Қазақты ортадағы бұл қағиданың генетикалық жағынан алғанда дұрыстығы анықталып отыр. Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары жиылып, жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық деп боз бие шалып, баталасып, бөтуаласып қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді.

Қазақ құдасын құдайындай сыйлап, төбесіне көтереді. «Құда — мың жылдық, күйеу — жүз жылдық» дейді. Мұнда үлкен мән бар. Бірін-бірі танымайтын екі ел екі жастың арқасында танысып, табысып, құда-жекжат болып, өле-өлгенше өзара сыйластықтың үлгісін көрсетіндігін аңғартады. Ұл өсіріп, қыз өсіріп отырған әрбір отбасы қызының орнын тапқанын, ұлын аяқтандырғанды, жақсы жермен құдаласқанды армандайды.

Құда түсу – ежелден келе жатқан дәстүр. Алайда құда болудың бірнеше жолдары бар. Екі адам достықтары артып, туыс болғысы келсе, балалы болмай жатып, құда болып жатады. Бұндай құдалықтың түрін «бел құда» деп атайды.

Ежелден келе жатқан құдалықтың тағы бір түрі – «бесік құда». Екі нәрестені бесікте жатқан кезінен айттырып қояды. Бесікте жатқан қызға сырға салу дәстүрі қалыптасқан.

Құда - қыз алысып, қыз беріскен сүйек шатысы бар (адамдар) мағынасын беретін сөз [9.518].

«Көршіңді құдайдай сыйла» деген қазақ қашанда көрші-көлемді құрметтеген. Құдайдай сыйла деген сөз тіркесінде Тәңірге қандай құрмет етсек, сондай құрметті көршіге көрсету деген. Қандай да болсын іс-шара, көршіні тастамай әдетке айналдырған. Көрші сырласу үшін де жырласу үшін де қажет деп айтады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрші сөзінің мағынасы төмендегідей:

Көрші – 1. Үйлері қатарлас, есіктес тұратын адам, қоңсы.

2. Кеңістіктегі немесе жазықтықтағы екі объектінің басқалардан гөрі бір-біріне жақын орналасуы. [9.418].

Этнограф-жазушы С.Кенжеахметов көрші сөзіне мынадай анықтама береді: қатар отырған екі отбасы бірін бірі көрші деп атайды. Туған-туысқа ешқандай қатысы жоқ болса да әр отбасы үшін көршінің орны бөлек. Бұл отбасылар құдайы көршіміз деп бірін-бірі өте қатты сыйлайды. Қолда барын беріп, араласып отырады. Үй иесі бір жаққа сапарға шықса, бар дүние-мүлкін, кілтін көршісіне сеніп тапсырады. Және бұл сенім қазақта ешқашан бұзылған емес. Халқымызда «көрші хақысы» деген ұлағатты сөз бар. Бұл көршінің қасиетін, биік орнын білдіретін үлкен ұғым, зор баға. Сонымен қоса, «Көршің үшін намазыңды бұз», «Көршің шақырғанда бір жеңіді киіп, бір жеңіді кимей бар» деген мақалдар да дәлел бола алады. [12.40].

Көршісін құдайындай сыйлаған қазақтың көрші және туыс-туғандар жөніндегі мақал-мәтелдер төмендегідей:

1. Көшкен елдің көмеші болса, еру елдің ерлігі бар
2. Не пайда туысқаннан - жуыспаған.
3. Сыйласуға жат жақсы.
Жыласуға өз жақсы.
4. Ағайын бір өліде,
Бір тіріде керек.
5. Күйеу жүз жылдық,
Құда мың жылдық.
6. Жаман ағайын бар болсаң көре алмайды,
Жоқ болсаң, бере алмайды.
7. Жауда да бір үйің болсын.
8. Ағайын тату болса ат көп
Абысын тату болса ас көп.
9. Жаман да болса ағамыз,
Жақсыны қайдан табамыз.
10. Мал қонысын іздейді,

- Ер туысын іздейді.
11. Жақынынды жат етсең,
Жатқа күлкі боларсын.
 12. Әпкенің үйі — кең жайлау.
 13. Қасқыр да жолдасына қас қылмайды.
 14. Бір көрген біліс
Екі көрген таныс.
 15. Жаман туыстан жат артық.
 16. Үйдің жылы-суығын
Қыс түскенде білерсің,
Кімнің алыс-жақынын
Іс түскенде білерсің.
 17. Әулие де қасындағысын қолдайды.
 18. Ағайын бірде араз, бірде тату.
 19. Ағайының бай болса, асағаның май болар.
 20. Туғаныңмен сыйыспасаң, кең дүниеге
сыймассың.[10.10-13]

Қорыта келе, бай мұрамыздан орын алатын мақал-мәтелдер кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. Мақалада салт-дәстүрге байланысты, қонақжайлылық жөнінде, наным-сенім, туған-туыс, көрші тақырыбында мақал-мәтелдер теріліп талданды. Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, ақыл-ойы, даналығы көрініс табады. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Мақал-мәтелдер де этнолингвистикалық арнаның ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір мақал-мәтелдер бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай ақпарат жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Әдебиеттер:

1. Рахметова М.Қ. Қазақтың мақал-мәтелдері, Алматы, 2008;
2. Кенжеахметов С.Туыстық атаулардың сыры, Алматы, «Ана тілі» ЖШС 2003;
3. Қайдар Ә., Халық даналығы, «Тоғанай» 2004;
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 том, ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ысқақов А., 1983;
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 1959;
6. Әбдіков Т. «Әке» повестер мен әңгімелер жинағы, Алматы, «Қайнар» 2005;
7. Нысанбаев Ә., Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, Алматы 1998;
8. Кекілбайұлы Ә., «Дала балладалары» I,II том, Алматы, «Жазушы» 2002;
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіл комитеті, Алматы, «Дайк-Пресс» 2008;
10. Атадан өсиет, анадан қасиет, Қазақтың 7777 мақал-мәтелі, Алматы «Өлке» баспасы 2010;
11. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, Алматы 2003
12. Кенжеахметов С. «Жеті қазына» 2, Алматы, «Ана тілі» ЖШС 2006.

REFERENCES:

1. Rahmetova M.K. Proverb-saying of Kazakh, Almaty, 2008;
2. Kenzheahmetov S. Tuystyk ataular syry, Almaty, "language of Mother" 2003;
3. Kaidar A., Halyk danalygy, "Toganai" 2004;
- 4.Dictionary of elucidation language of Kazakhs,7 том, Yskakov A., 1983;
5. Dictionary of elucidation language of Kazakhs, Almaty, 1959;
6. Abdikov T. "Fathe" Collection povests and conversations,Almaty, "Kainar" 2005;
7. Nysanbaev A., Kazakhstan national enciclopediya,Almaty1998;
8. Kekilbayuly A, "Dala balladalary" I, II tom, Almaty,"Writer" 2002;
- 9.Dictionary of elucidation language of Kazakhs, Culture and ministry of Information Republic Kazakhstan committee of language, Almaty, "Daik-

Press" 2008;

10. Grand-dads precept, from that quality, 7777 proverb-saying Kazakh, Almaty "Quinsy of edge" 2010; custom-traditions people

11. Kazakhs traditions astride, Almaty 2003

12. Kenzheahmetov S. " Zheti kazyna " 2, Almaty, "Ana tili " 2006.

Автор жайлы мәлімет

Сейтова С.Т. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы, Байтұрсынов көшесі 47, 87142511193, 87758225562, e-mail: sayan_seitova@mail.ru

Сейтова С.Т. – преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента Костанайского государственного университета им.А.Байтұрсынова, г.Костанай, ул.Байтұрсынова 47, тел. 87142511193, 87758225562, e-mail: sayan_seitova@mail.ru

Seitova S. T. – lecturer, Department of journalism and communication management of Kostanay state University.And.Baitursynov, Kostanai, 47 Baitursynov str., tel. 87142511193, 87758225562, e-mail: sayan_seitova@mail.ru